

Үй тапсырмасы

Берілген анықтауыштарды құрылысына қарай топтастыр

Әйгілі, алғашқы, негізгі әсер етуші улы, жан қинаған көкжөтел, өмірлік маңызды, басқа, созылмалы бронхит, шетел

Дара анықтауыш

Күрделі анықтауыш

Үйірлі анықтауыш

Өткен сабақты қайталау

Төмендегі сөйлемдерде оңашаланған айқындауыштың қандай сөйлем мүшесін айқындап тұрғанын анықтаңдар.


Екі жақтан да көп кісі тұтқынға алынды. Көкшетаудағы саудагер құдасының жәрдемімен тергеу және сот орындарын сатып алды да, үкімде жазаға Курчанов ілікті, каторгіге айдалатын болды. Бірақ ол жауаптарында да, сот процесінде де айыпты мойына алып, абақтыға өзімен бірге жабылған Нұрмағамбетті ақтады, босаттырып жіберді.

Ендігі күресетін – Қыпшақ пен Керей. Керей мен Уақ – ағайындас. Тойда, аста олар бірге отырады.

Қалың көпшілік – арбалылар да, салттылар да, жаяулар да – соның соңынан шұбап, қыртысы қалың, жасыл көделі жердің шаңдағын аспанға шығарды.

«Жүректен жүрекке» жылы сөз

ҰЖЫМДАСТАР



Құрмалас сөйлем

Ұжым- коллектив

Еңбек өтілі- стаж работы

Бөлім- отдел

Ұйым- организация

Әріптес- коллега

Маман- специалист

Білімді- образованный

Кәсіпорын- предприятие

Қабілетті- способный

Кеңсе- канцелярия

Жан-жақты- всесторонний

Басшы- руководитель

Ұйымшыл- сплоченный

Мақтан ету- гордиться

Білікті- квалифицированный

Әкімдік- акимат

Іскер- деловой

Мекеме- учреждение




ҚАЙ ЖҰМЫСТЫ ТАҢДАР ЕДІҢІЗ? НЕГЕ?

- 1. Айлық жалақысы жоғары, алайда айына бір күн демаласын.*
- 2. Айлық жалақысы орташа, алайда бес күндік жұмыс .*
- 3. Айлық жалақысы төмендеу, алайда өзіңіз жақсы көретін жұмыс.*
- 4. Айлық жалақысы жоғары, алайда әріптестер мен басшы «онша» емес.*
- 5. Айлық жалақысы орташа, алайда іс-сапарлары көп жұмыс.*
- 6. Айлық жалақысы орташа, алайда үйде отырып істеуге болатын жұмыс.*




Құрмалас сөйлем


Екі немесе бірнеше жай сөйлемнен құралып, күрделі ойды білдіретін, мағыналық жағынан өзара байланысты біртұтас сөйлем.



Салалас құрмалас
сөйлем



Сабақтас
құрмалас
сөйлем



Аралас құрмалас
сөйлем

№	Түрлері	Жалғаулықтары	Тыныс белгісі
1	Ыңғайлас салалас	Және, да, де, та, те, әрі.	Үтір
2	Қарсылықты салалас	Бірақ, сонда да, дегенмен, алайда, әйтсе де, сөйтсе де.	Үтір, үтір мен сызықша
3	Түсіндірмелі салалас	Жалғаулығы жоқ. Сонша, сондай, сол, соншалық, мынау, мынадай сілтеу есімдіктері арқылы байланысады.	Қос нүкте, сызықша
4	Себеп-салдар салалас	Өйткені, сондықтан, себебі, сол үшін, сол себепті, неге десеңіз, т.б.	Үтір, қос нүкте немесе сызықша
5	Талғаулы салалас	Не, немесе, я, яки, болмаса, әйтпесе, не болмаса, әлде. я болмаса,	Үтір
6	Кезектес салалас	Кейде, бірде, біресе.	Үтір

СӘЙКЕСТЕНДІРІҢІЗ.

Қорқып тұрған атты алқымынан алды да,	төскейді үзеңгіге ала жүріп кетті.	1. 2
Желге тұмсығын төсеп,	омбы қардан шығармай жығып алды.	2.
Көмекші жігіт қойларды ерте айдап әкеліпті,	адамның баласы бол.	3.
Атаның баласы болма,	белгілі иіс күтті.	4.
Жалпақ балуан оқ бойы алда отырды,	бірақ анамды қинағым келмейді.	5.
Төлеутай әскерге кетті де,	себебі күннің арты бұзылып келе жатқанын байқайды.	6.
Ернеудің бір айналма тұсында із екі айырылды:	астындағы сары қасқа ат киіктей орғып келеді.	7.
Сақадай сайланған қырық жігіт маңдайды батысқа қойды да,	бірі ернеуді бойлап ілгері кетті, екіншісі төмен қарай түскен.	8.
Ауырғанда жаным көзіме көрініп барады,	содан қайтып оралмады.	9.

ӘРІПТЕСІҢІЗДІҢ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫ ҚАНДАИ?

1. Бес жағымды

мінез:

2. Бес жағымсыз

мінез:



СУРЕТТЕР СӨЙЛЕЙДІ

Суреттерді пайдаланып құрмалас сөйлем құраңыз



Сөйлемді үлгідегідей етіп толықтырыңыз.

Үлгі: Алматы қаласында жеті Халыққа қызмет көрсету орталығы (ХҚКО) бар.

Халыққа қызмет көрсету орталығына барлық қала _____ белгілі бір құжат түрін алу үшін барады.

Халыққа қызмет көрсету орталығында көптеген _____ бар.

Шетелге шығу үшін _____ қажет.

Халыққа қызмет көрсету орталығына барсаң, ең алдымен _____ аласың.

Орталықтарда _____ жылдам әрі сапалы жүргізіледі.

Дайын құжатты алуға барғанда, өзіңмен бірге _____ ұмытпауың керек.

Тұрғылықты мекенжайға тіркелу үшін алдымен _____ керек.

*Адамның мінезі
жұмыста
әріптестермен
қарым-қатынасқа
әсер етеді/етпейді*



*Жеке өмірдегі
жағымсыз
сәттерді жұмысқа
араластырмау
керек немесе
әріптестермен
талқылау керек.*

БЕКІТУ СҰРАҚТАРЫ

ПІКІР БІЛДІРІҢІЗ

**Жақсы әріптес
дегеніміз кім?**

**Ұжым ұйымшыл болу
үшін қызметкер не
істеу керек?**

**Жақсы маманды
қалай табуға
болады?**

**Дос/туыс
адамдармен бірге
жұмыс істеген
дұрыс па?**

Сұрақтарға жауап бер

1. Әріптестеріңді он сөзбен сипаттап бер.
2. Ең сүйікті әріптесіңнің есімін ата.
3. Әріптестеріңізбен жұмыс жасаған ұнай ма?
4. Сіздің жасаған жұмысыңызға әріптестіріңіз қалай қарайды?

Үйге тапсырма

Берілген сөздер мен сөз тіркестерін ретімен жазып, сөйлемге айналдырыңыз.

Шетелдік төлқұжатының, Шенген визасын алуға, 2002 жылдан кейінгі, берілген мерзімі, жылдар болуы керек, арыз берген азаматтың.

Төлқұжаттың, екі беті, болуы тиіс, таза, кем дегенде, толтырылмаған.

Мен, айқындайтын құжаттар, сапар мақсаты, болуы тиіс, барысын.

Болуы керек, ақша, қаражаттары, жеткілікті.

Сақтандыру куәлігі, қажет, халықаралық медициналық, міндетті түрде.

Толтырылуы, сауалнама, тиіс.

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАҚМЕТ!